



# Презентация

Тақырыбы: Қазақстан Республикасының  
сараптамалық мекемелері.

Орындаған: Өтеген А

Тобы: ЕП – 14 – 8к

Қабылдаған : Тастанбеков Б

Қазіргі заңға сәйкес сот сараптамасы Қазақстан Республикасында арнайы бекітілген органдармен, сол сияқты жекелеген сарапшылармен жүргізіледі. «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптамалық қызмет туралы» ҚР Заңының 20 бабына сәйкес сот сараптамасының мемлекеттік ұйымдарының жүйесіне мыналар кіреді:



Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы органдары;



Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы әкілетті органының сот сараптамасы органдарын, оның ішінде өздерінің функцияларына сот-психиатриялық, сот-наркологиялық сараптамаларды жүргізу жатқызылған денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының мамандандырылған психиатриялық және наркологиялық ұйымдарын қамтитын сот сараптамасының мемлекеттік ұйымдарының жүйесі жүзеге асырады.

Қазіргі уақытта сараптама жүргізетін ресми бекітілген арнайы мемлекеттік органдардың тізімі жоқ, бұл мәселе осы саладағы заңның мәселесі болып саналады. Негізінде сот-сараптамалық қызметті жүргізетін мемлекеттік органдардың олардың атқаратын қызметтері көрсетіле отырып, толық тізімі заңда анықталуы керек. О.Г. Кузнецованың пікірінше мұндай органдардың қатарына мыналар жатқызыла алады:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы орталығы және оның территориялық бөлімшелері. Олардың қызметтеріне мыналар жатады:

- 1) ҚР ӘМ ЦСЭ жүргізілетін сараптамалар түрлерінің тізіміне сәйкес қылмыстық, азаматтық, әкімшілік сот өндірісі саласындағы сот-сараптамалық қызмет және Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігімен біліктілігі берілетін сараптамалық мамандықтар;
- 2) сот сараптамасын дайындау, тағайындау және сот сараптамасы нәтижелерін бағалау мәселелері бойынша құқық қорғау органдары қызметкерлерімен және судьялармен оқу-әдістемелік жұмыстар;
- 3) сот сараптамасы саласындағы халықаралық ынтымақтастық;
- 4) сот сараптамасы түрлерінің Тізіміне сәйкес іске асырылатын ғылыми - әдістемелік қамтамасыз ету;
- 5) қызметтерінің бағыттары бойынша сот сарапшыларын таңдау, кәсіби дайындау және біліктілігін көтеру;

2. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігінің сот медицина орталығы және оның территориялық бөлімшелері. Олардың қызметтеріне мыналар жатады:

1) қылмыстық, азаматтық, әкімшілік сот өндірісіндегі келесідей сот-медициналық сараптамалар түрлерін жүргізу бойынша сот-сараптамалық қызметтер:

а) тірі адамдарды сараптамалау;

б) мәйіттер;

в) биологиялық сипаттағы заттай айғақтар;

г) іс материалдары бойынша;

д) сот-химиялық;

е) сот-токсикологиялық;

ж) криминалистикалық физико-техникалық сараптама.

2) сот сараптамасын дайындау, тағайындау және сот сараптамасы нәтижелерін бағалау мәселелері бойынша құқық қорғау органдары қызметкерлерімен және судьялармен оқу-әдістемелік жұмыстар

3) сот-медициналық сараптама саласындағы халықаралық ынтымақтастық;

4) сот сараптамасы түрлеріне сәйкес іске асырылатын ғылыми - әдістемелік қамтамасыз ету;

5) қызметтерінің бағыттары бойынша сот сарапшыларын таңдау, кәсіби дайындау және біліктілігін көтеру.

3. Қазақстан Республикасы қорғаныс Министрлігінің сот сараптамасының орталық лабораториясы және оның территориялық бөлімшелері (әрі қарай ҚР ҚМ ССОЛ). Олардың қызметтеріне мыналар жатады:

1) қылмыстық, азаматтық, әкімшілік сот өндірісіндегі келесідей сот-медициналық сараптамалар түрлерін жүргізу бойынша сот-сараптамалық қызметтер:

- тірі адамдарды сараптамалау;
- мәйіттер;
- биологиялық сипаттағы заттай айғақтар;
- іс материалдары бойынша;
- сот-химиялық;
- психиатриялық;
- наркологиялық және токсикологиялық.

2) сот сараптамасын дайындау, тағайындау және сот сараптамасы нәтижелерін бағалау мәселелері бойынша құқық қорғау органдары қызметкерлерімен және судьялармен оқу-әдістемелік жұмыстар

3) сот-медициналық сараптама саласындағы халықаралық ынтымақтастық;

4. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігінің «Психиатрия, психотерапия және наркологиялық Республикалық ғылыми-практикалық орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық мекемесі. Олардың қызметтеріне мыналар жатады:

1) тірі адамдарға сот сараптамасының келесідей түрлерін жүргізу бойынша қылмыстық, азаматтық, әкімшілік сот өндірісіндегі сот-сараптамалық қызметтер:

- психиатриялық;
- психологиялық;
- психолого-психиатриялық;
- наркологиялық.

2) сот-психиатриялық сараптамасын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;

3) психиатр, психолог және нарколог сот сарапшыларын таңдау, кәсіби дайындау және біктілігін арттыру;

4) сот-медициналық, психиатриялық сараптама саласындағы халықаралық ынтымақтастық.



Сот сараптамасын сараптамалық мекемеге тапсырған кезде оны тағайындау туралы қаулы заңда өкілеттігі көрсетілген жетекшісіне беріледі. «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптамалық қызмет туралы» ҚР Заңының 21 бабына сәйкес сот сараптамасы органының жетекшісі мыналарға құқылы:

1) Сот сараптамасы органының басшысы тиісті дәлелдерді көрсете отырып, сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыны, ұйғарымды орындамастан және зерттеуге ұсынылған объектілерді сот сараптамасын тағайындаған органға (адамға) мынандай жағдайларда қайтаруға құқылы:

- сот сараптамасын жүргізу үшін ұсынылған материалдар заң талаптарына сәйкес келмесе;
- осы сот сараптамасы органында қажетті арнаулы ғылыми білімі бар сот сарапшысы болмаса;
- сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда, ұйғарымда көрсетілген, сот сарапшысының алдына қойылған мәселелер оның құзыретінің шегінен тыс болса;
- осы сот сараптамасы органының материалдық-техникалық базасы қажетті сот-сараптамалық зерттеу жүргізуге мүмкіндік бермесе.

**Заң сараптаманы сараптамалық мекемеден тыс жерде жүргізу жағдайына ерекше талап белгілейді. Атап айтқанда сараптама тағайындаушы адам мыналарды ескеруі керек:**

- сараптама жүргізуі мүмкін сарапшының жеке басына және өкілеттігіне көз жеткізуі;
- барлық процеске қатысушылармен оның қатынасын анықтауы;
- сарапшыға қайыру беруге негіз бар ма екендігін тексеруге;
- сараптама тағайындау туралы қаулы шығаруға;
- сарапшыға заңда белгіленген міндеттері мен құқықтарын түсіндіруге;
- әдейі жалған сараптамалық қорытынды бергендігі үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылатындығын ескертуге;
- сарапшының қол қоюына көз жеткізе отырып, аталған әрекеттердің орындалғандығы туралы қаулыға белгі қоюға;
- сарапшының жасаған арыздары мен ұсыныстарын тіркеуге;
- ұсыныстан бас тартқан жағдайда негізделген қаулы шығаруға